

Атырау облысының жануарлар дүниесі

Жануарлар дүниесі табиғи ортаның құрамды бөлігі, кез-келген елдің табиғи байлығы. Топырақ жабындысы мен ауа райының өзіндік ерекшеліктері бар Атырау облысы бойынша [омыртқалылардың](#) 6 класының 43 отрядынан 410-н астам түрлері мен түршелері, кездеседі. Олардың негізгі тіршілік орындары: су және оның жағалауы, батпақты-шалшық, тегістік және құмды шөлейттер, дала белгілері бар жерлер, қала-ауыл бойлары және басқа да мәдени ландшафттар.

Ихтиофауна

Атырау суларында дөңгелекауыздылар мен сүйекті балықтар кластарының 51-ге жуық өкілдері таралған.

Каспий—Жайық су қоймаларында дөңгелекауыздылардан **Каспий миногоасы** тіршілік етеді. Еті жеуге жарамды Патшалық Ресей заманында бұл миногоа көп ауланып кептіріліп, көбіне майшам ретінде пайдаланылған. Қазіргі уақытта санының азаюына байланысты кәсіптік мақсатта ауланбайды.



Бекіре, қызыл балық

Облыс суларында сүйекті балықтар алуан түрлі. Оның 50-н астам түрлері мен түршелері 6 отрядтың 12 тұқымдасына бірігеді. Олар орташа және біршама ірі болып келеді. Жануар текті азықтармен қоректенетіндер, жыртқыштық жолмен балықтарды қорек етеді. Бекірелер көктемде, тұщы суда көбейетін балықтар. Уылдырығын су түбі топырағының қиыршық тасты немесе құмды болып келетін жерлеріне шашады. Атырау суларында бекірелерден **қортпа**, **бекіре**, парсы бекіресі, **шоқыр**, пілмай (шип) бұрын көп болған, қазір өте сирек кездеседі. Бекірелер өте құнды кәсіптік маңызы бар балықтар. Жалпы ТМД елдері бойынша есептегенде, олардың 70—80% Атырау суларынан ауланады.

Облыс суларында майшабақ тәрізділерден - **килька**, чархал майшабағы, қарынсау, қаражон және еділ майшабағы кездеседі. Майшабақтар ұсақ, көбіне теңіз суын мекендейтін балықтар. Бұлардың ішінде сан мөлшері жағынан көбірек ауланатыны килька. Жүйелілік жағынан майшабақтарға жақын бірақ морфологиялық және тіршілік әрекеттері жағынан бірқатар ерекшеліктері бар балықтардың бірі— **албырт** тәрізділер. Осылардың ішінде кең таралғаны және аз мөлшерде болсада кәсіптік маңызы бары—**шортан**. Ал Каспий албырты және ақбалық түрлері өте сирек.

Тұқытәрізділердің 25-н астам түрлерінің ішінде облыс суларына кең таралғандары: **қаракөз** (вобла), тран (лещ), **қылыш балық** (чехонь), бозша мөңке (серебряный карась), **сазан**, **жайын** т. б. Бұл аталған балықтардың азды-көпті болсада кәсіптік маңыздарыда бар. Басқа тұқы тәрізділердің сан мөлшерлері онша көп емес. Әсіресе кутум, ақмарқа, каспий мұртты балығы (каспийский усач), кәдімгі мөңке (золотой карась), тұрпан (голавль) т. б. сирек кездеседі.

Атырау балықтарының ішіндегі ең ұсағы тікенектітәрізділердің өкілі-тоғыз инелі кіші тікенекті балық, ақпайтын, тұщы сулардың жағалаулық бөлігінде тіршілік етеді, маңызы жоқ.

Облыс бойынша түр саны жағынан екінші орында алабұға тәрізділер. Солардың ішінде Каспий—Жайық су қоймасында жиі кездесетіндері және кәсіптік мақсатта ауланатындары **көксерке** (судак), теңбіл-серке (берш), **алабұға** (окунь) және басқалары. Ал тана-балықтар (бычки) көбіне Каспийдің солтүстік-шығыс, оңтүстік бөліктерінің жағалаулық аймақтарын мекендейді, спорт-әуесқойлық мақсатта ауланады.

Герпетофауна

Бұл омыртқалы жануарлар тобына **қосмекенділер** мен бауырмен жорғалаушылар жатады. Құйрықсыздар отрядынан Атырау жерінде бар болғаны үш түр кездеседі. Чесночница -бұл бақалар көптеген балықтардың, бауырмен жорғалаушылардың, құстардың және кейбір сүтқоректілердің қорегі ретінде маңызы бар.

Атырау өңірінде **бауырмен жорғалаушылардың** 24 түрі бар. Ал қалғандары қабыршақтылардың өкілдері. Оларды көбіне жай ағатын, құмдық жағалауы бар, кіші-гірім өзендердің бойынан кездестіруге болады. Облыс бойынша белгілі 11-12 түрлі кесірткелердің ішінде құм алқабында құлақты дөңгелек-бас, ал тегіс жусанды-эфемерлі жерлерде көп ренді **кесіртке** кең таралған. Жыланның 10-н астам түрлері әртүрлі орындарда тіршілік етеді. Мысалы Нарын, Тайсойған құмдарында құм тұншықтырғышы, су жағалауларында сары-бас және су жыландары, ал сазды, тасты қатты топырақтарда қалқан тұмсық, оқжылан, қарашұбар **жыландар** және дала сұржыланы кездеседі. Жорғаушылардың басым көпшілігі жануар текті азықтармен, соның ішінде бунақ-денелілермен, кемірушілермен қоректеніп ауыл шаруашылығына пайдасын тигізеді.

Орнитофауна

Атырау жерінде **құстар** алуан түрлі және кең таралған. Жалпы 280-дей түрлері бар. Тіршілік орындарының әрқилы болуларына қарай құстар облыс көлемінде біркелкі орналаспаған. Облыс жерінде олардың ең басты тіршілік орындарының бірі су және оның жағалауы. Мысалы, нағыз су құстары ретінде сұқсырлар, гагарлар және ескекаяқтылардан 10-н астам түрлер кездеседі. Бұлардың ішінен сұқсыр (чемга) және үлкен суқұзғын тұрақты ұялайды. Ал кіші суқұзғын, бұйра және қызғылт **бірқазандар** көбею орындарында экологиялық жағдайлардың жыл сайынғы жарамсыз бағытта өзгеруі салдарынан, соңғы жылдарда облыс көлемінде ұяламайды. Қызылмойын сұқсыр, ала және қызылжемсау гагарлар аймақтан қайту кездерінде ұшып өтеді. Аталған құстардың барлығыда балық қоректілер.



көкқұтан

Облыс көлемінде жоғарыда аталғандардан басқа, тіршілігі азды-көпті болсада су және оның жағалауымен байланысты құстар көп. Солардың бірі **дегелектер** — мойны мен аяғы ұзын, суда жүзбейтін, орташа және біршама ірі құстар. Өзен, көл жиектері мен батпақты-шалшық жерлерді мекендеп, ондағы айқұлақтарды, көлбақаларды, балықтың шабақтарын және су бунақденелілерін қорек етеді. Дегелектердің ішінен жиі кездесетіндері **көкқұтан**, **аққұтан**, кіші аққұтан, қарабай т. б. Қазтәрізділер — мойны ұзын, құйрығы қысқа, суда жақсы жүзетін, ірі және орташа мөлшердегі су-жер құстары. Облыста кездесетін 28 түрінің 15-ке жуығы ұялайды, қалғандары қайту мезгілдерінде болады. Облыс суларының маңында сарыала қазды, барылдауық, сұр, шүрегей үйректерді, сүңгуірлерді, бейнарықтарды (крохоль) т. б. түрлерін жиі кездестіруге болады. Қаз төрізділердің көпшілік түрлері кәсіптік аңшылықтың объектілері. Балықшылардың 6 түрінің ішінен **қасқалдақ** және сутартар сияқтылары кең таралған және ұялайды. Батпақты-шалшықтарда, қайраңдарда және сирек жағдайда шөлейт жерлерде тіршілік етуге бейімделген құстардың бірі балықшылар (кулики). Облыс бойынша белгілі 41 түрінің 13-і тұрақты ұялайды. Олардың жиі кездесетіндері **қызғыш**, қарала, ұзын сирақ және бізтұмсық балшықшылар. Өзен, көл және жайылма сулардың маңында шағалалар ұдайы кездеседі. Олардың бізде кездесетін 20 түрінің 9-ы тұрақты ұялайды және кең таралған, мысалы көптеген қарқылдақтар, қалың **шағала**, көл шағаласы т. б. Қалғандарының ішіне 6-ы кездейсоқ, ал 5-і қайту кезінде болады. Шағалалар ұсақ балықтармен, балық өлекселерімен,

шаяндармен, су бунақденелілерімен, кейбіреулері ұсақ кемірушілермен қоректенеді. Аздап санитарлық маңызы бар.

Облыс көлемінде ашық ландшафтыларды (тегістік және құм шөлейттер, дала белгілері бар жерлер) мекендейтін құстарда баршылық. Атап айтқанда тырналардан-ақбас тырна ұялайтын болса, сұр және ақ тырна (стерх) қайту кезінде ұшып өтеді. Дуадақтардан — **дуадақ**, жекдуадақ және безгелдек сияқты түрлері өте сирек кездесетін құстар болып есептелінеді. Көгершіндерден бары 5 түр, соның ішінде жиі кездесетіндері — түркентер, дыркептер, көккөптер т. б. Бұлдырықтардан—қара-бауыр бұлдырық және ұбақ кездеседі. Облыста тауық тәрізділер өте аз. Оның екі түрінің ішінен сұр шіл кең таралған, ал бөдене сирек кездеседі.

Негізінен ашық жерлерде және су жағалаулары мен орман-тоғай алқаптарында күндізгі және түнгі жыртқыш құстар отрядтарының өкілдері кең таралған. Күндізгі жыртқыштардың облыстағы 23 түрінен 9-ы ұялайды, 11-і қайту кезінде болады, ал 3 түрі (тұрымтай, тазқара т. б.) кездейсоқ ұшып келетіндер деп есептелінеді. Жиі кездесетіндері күйкентай, кезқұйрық, дала қыраны, қарақұс, кейбір құладыңдар т. б. Үкілердің 8 түрінің ішіндегі кең тараған **байғыз** және саз жапалағы. Калған үкілер сирек кездеседі. Аталған жыртқыш құстар көбіне кемірушілермен жануар өлекселерімен қоректеніп, пайдасын тигізеді.

Облыста көптеген құстардың тіршілігі ағаш-бұта өсімдіктерімен, адам тұрғындарымен (ауыл, қала) және басқада мәдени ландшафталармен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Атап айтқанда көкек тәрізділерден -кәдімгі **көкек**, ешкөмерлерден-кәдімгі тентекқұс, көкқарғалардан-көкқарға, сарыалқым және жасыл аражөгіштер, бәбісек, тоқылдақтардан-шұбар **тоқылдақ**, ұзынқанаттылардан-сұр **қарлығаш**. Бұл отрядтар бойынша барлығы 11 түрдің жетеуі тұрақты ұялайды. Ал зымыран, дүпілдек және ақбауыр сұр қарлығаш сияқты құстар Атырау жерінде тек қайту кезінде кездеседі. Жоғарыда аталған құстардың барлығыда бунақ денелілермен қоректенеді. Сондықтан олардың ауыл және орман шаруашылықтарында пайдасы мол.

Атырау құстарының ішіндегі түр саны жағынан ең көбі торғай тәрізділер. Облыс бойынша тіркелген 107 түрдің 56-ы ұялайды, 5-ін кездейсоқ ұшып келушілер деп есептейді, ал қалғандарын қайту уақыттарында кездестіруге болады. Облыста кең таралған торғай тәрізділерге-қосрең, кент және жар қарлығаштарын, **бозторғай**, айдарлы, құлақты және қара бозторғайлар, ақ шақшақай, үлкен және кіші тағанақтар, шөл тасшыбыжығы, қамыс айқабағы, кәдімгі **құрқұлтай**, сарбауыр шымшық, қараторғай, сарғалдақ сұрлықеш, жауторғай, **торғай** және қарға тұқымдастарының өкілдерін (**ала қарға**, шауқарға, ұзақ, **сауысқан** т. б.) айтуға болады. Торғай-тәрізділердің көпшілігі аралас, ал кейбіреулері жануар немесе өсімдік текті азықтармен қоректенетіндер.

Териофауна

Атырау облысында аңдар айтарлықтай көптүрлі емес. Жалпы ауылшаруашылық малдары мен үй хайуанаттарын қоспағанда, аңдардың 55-ке жуық түрлері бар. Олардың басты отрядтарының 5 түрінің ішінде кең таралғаны құлақты **кірпі**. Ал кәдімгі кірпі және басқа түрлері сирек кездеседі. Атырау өңірінде қолқанаттылардың 6—7 түрі бар деп есептелінеді. Солардың ішінде: түнтоғай, кәдімгі және екі түсті **жарқанаттар** жиі кездеседі.

Облыста қоян тәрізділер мен кемірушілердің өкілдері кең таралған. Олар орташа көлемді, ұсақ, шөп қоректі, көбіне ашық жерлерді мекендейтін жануарлар. Қоян тәрізділерден **ор қоян** және құм-қоян деп аталатын екі түрі бар. Қояндардың еті жеуге жарамды, терісі пайдалы. Өуесқой аңшылар кәсіп етеді. Кемірушілердің 27 түрі бар. Олар әртүрлі ортада тіршілік етеді. Мысалы, күндіз жер үстінде тіршілік ететіндердің ішінен кіші саршұнақ, құмтышқандар, түнгілерден-қосаяқтар (кіші және үлкен), **атжалмандар**, аламандар, **егеуқұйрықтар**, жер астындағылардан—соқыртышқандар, синантроптардан—үй тышқаны облыс көлемінде кең таралған. Облыс бойынша кемірушілердің экономикалық маңызы үлкен. Олардың көпшілігі ауылшаруашылығындағы екпе дақыл дардың зиянкестері (саршұнақтар, тышқандар т. б.), қайсыбіреулері оба тағы басқа қауіпті жұқпалы аурулардың бактерияларын тасымалдаушылар және таратушылар (саршұнақтар, құмтышқандар т. б.) Сондықтан зиянды кемірушілерге қарсы күрес шараларын дұрыс және жүйелі түрде ұйымдастыру қажет. **Ондатра** сияқтыларының терісі бағалы.

Атырау облысында жыртқыш аңдардан 12-ге жуық түрлері бар. Кең таралған өкілдеріне: **қасқырды**, **түлкіні**, **қарсақты**, және теңіз жағалауында болатын жанат тәрізді иттер

жатады. Ал сирек кездесетіндеріне **борсық**, ақкіс, аққалақ, күзендер (сасық, қарашұбар) және жабайы мысықтар (шұбар және қамыс мысықтары) жатады. Ескекаяқтылардан — **Каспий түлені** теңізде тіршілік ететін аң. Оның негізгі көбейетін орны Каспий теңізінің Солтүстік-шығыс және шығыс жақ жағалауы. Сан мөлшері аз, сондықтан кәсіптік мақсатта ауланбайды.

Облыс көлемінде жұп тұяқтылардың жабайы түрлерінен **қабан** және **киік** кең таралған. Қабанның саны аз, ауланбайды. Облыста қабан мен киікті заңсыз, жылдың кез-келген уақытында броконьерлік қала берді жауыздық жолдармен аулау кең өріс алып келеді. Мысалы киіктің аталығын оның мүйізі үшін көп мөлшерде атып өлтірушілік орын алуда. ^[1]

Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген жануарлар

Қазақстанның «Қызыл кітабына» Каспий-Жайық алабының табиғаты бойынша енгізілген жануарлар түрлері: **ақбас тырна**, **ала жертесер**, **алып соқыртышқан**, **балықшы**, **безгелдек**, **бұйра бірқазан**, **бүркіт дуадақ**, **жалбағай**, **жорға дуадақ**, **жұпар тышқан**, **жылан**, **бүркіт**, **каспий албырты**, **қоқиқаз** немесе **қызылқаз**, **кіші аққұтан**, **қарабай**, **қарабауыр бұлдырық**, **қаракүзен**, **қаракірпі**, **қарақал**, **қарақұйрық**, **құндыз**, **мәрмәр шүрегей**, **оңтүстік орал сусары**, **сары алақоржын**, **сарыбауыр қарашұбар жылан**, **сарықұтан**, **субүркіт**, **тарғақ**, **төртжолақты қарашұбар жылан**, **ұзынқұйрық ақ йық**, **үстірт қойы**, **шағыл мысығы**, **шұбар күзен**. ^[2]

Атырау облысының өсімдіктер дүниесі

Атырау облыс аймағы өсімдіктер дүниесіне бай болып келеді. Негізінен шөлейт зонаның табиғи ылғалы жеткіліксіз және топырағы тұзды аймағына кіретіндіктен өсімдік жамылғысының өзіндік ерекшеліктері бар. Облыс жерінде оның солтүстігіндегі далалық және оңтүстігіндегі шөл зоналылық өңірге бейімделген ғылымда «шөлдік-далалық» деп аталған өсімдік түрлері таралған.

Облыс аймағындағы өсімдіктер[өңдеу]



Құмаршық

Барлық аудандарында дерлік ақ және қара жусанды-қияқты, бұйырғынды-ебелекті, мортықты, қоңырбасты-көкпекті шөптер жиынтығы басым өседі. Бұларға қосымша көктемде ойдым-ойдым ойыстарда, қазан шұңқырларда **селеу**, **изен**, **сарсазан**, **итсигек**, **ажырық** т.б. араласа шығады.

Теңіз жағасында батпақта шалғын, **қамыс**, құрақ жиі кездеседі. Ал құрлыққа қарай барған сайын өсімдік түрі молая түседі. Терістік-шығыс жағында ерте

көгеретін **ебелек**, **мортық**, **шытыр**, торғай от, қарабас, желкілдек, Нарын құмында **қияқ**, **шағыр**, **қаңбақ**, **ақселеу**, **жыңғыл**, **жүзгін** өседі.

Жалпы Атырау атырабында жоғары сатылы өсімдіктердің 945 түрі бар, бұлардың ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатырған түрлер, шаруашылыққа құнды, т.б. түрлері кездеседі. Оның ішінде алабұталы көкпек, құм ебелегі, **түйеқарын**, **қаңбақ** сораңшасы, сораң өсімдіктері өседі. Бұлардан басқа жантақ көрікіз, **көкпек**, **ошаған**, **сүттіген**, **шырмауық** т.б. табиғи өсетін өсімдіктер бар. Сондай-ақ **итсигек**, **есекмия**, **меңдуана**, **көкіре** т.б. улы шөптер кездеседі ^[1] Сонымен қатар облыстың өсімдіктер дүниесі құрамында дәрілік техникалық тұрғыдан бағалы табиғи өсімдіктерге де бай. Олардың жалпы саны Атырау жерінде 50-ден асады.

Дәрілік өсімдіктер

Дәрілік шөптерден облыс аумағында кездесетіндері: **адыраспан**, **ешкітал**, **қырықбуын**, **құмаршық**, **тұмар Бояу**. Тарихқа сүйенсек, 1929-33 жылдары бірнеше млн қазақ халқы ашаршылықтан ажал құшқаны ел есінде. Сол залалды Атырау өңірі де көрді. Сонау бір шақта Атырау өңірі, Нарын құмын жағалай қоныстанған халықты аштықтан аман алып қалған азықтардың бірі қасиетті өсімдік Құмаршық еді. Атырауда сол **құмаршық** өсімдігіне ескерткіш қойылды. ^[2]

Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген өсімдіктер

Қазақстанның «Қызыл кітабына» Каспий-Жайық алабының табиғаты бойынша енгізілген, яғни жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер түрлері ақтұңғиық, **ауыспалы қау**, **берік сүттіген**, **бор рияны**, **бор сиякөгі**, **бор сылдыршөбі**, **бүршікті альдрованда**, **бүршікті феллориния**, кәдімгі жұмсақ жеміс, кестелі шампиньон, комаров жоңышқасы, **күмәнді долана**, **қатпар баршынгүл**, мейер хломидопусы, мейер шытырмағы, **су шылымы**, талиев гүлкекіресі, татар қатыраны, **тегеурінгүл**, **теңге жапырақта шық шөп**. Өсімдік дүниесін қорғаудың басты шаралары: олардың өсіп жетілуіне зиянды кеселдерді болдырмау, агротехникалық ережелерге сай шаралар алу, мезгілінде жинап, кептіріп игілікті мақсатқа пайдалану, өсіп жетуін жалғастыру үшін ұрықтарын жинап сақтау. Хайуандардың таптауынан сақтап, қорғау. Өсімдіктер дүниесін қорғау мақсатында Индер ботаникалық заказнигін, Атырау ботаникалық бағын ашу жоспарлануда.